



Заң күші бар Мал дәрігерлігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 25 шілде N 2376.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 339 Заңымен. ~
Z020339

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге
уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы
Қазақстан Республикасы Заңының

Z933600

1-бабына сәйкес және мал
дәрігерлігі органдарының, мал дәрігерлігі ұйымдары мен мамандары
қызметінің құқықтық жағдайларын анықтау мақсатында осы Жарлықты
шығарамын.

I Тарая

Жалпы ережелер

1-бап. Осы Жарлықтың реттеушілік мәні

Осы Жарлық мал ауруларының алдын алу мен оларды емдеу, малға және
адамдарға ортақ аурулардан сактандыру, індеге қарсы шараларды ұйымдастыру
саласындағы қатынастарды реттейді, мал дәрігерлік қадағалау негіздерін
белгілейді, мал дәрігерлігі органдарының, мал

дәрігерлігі ұйымдары мен мамандары қызметінің құқықтық жағдайларын
айқындайды.

2-бап. Мал дәрігерлігі туралы заңдар

Мал дәрігерлігі туралы заңдар осы Жарлықтан және Қазақстан
Республикасының басқа да нормативтік актілерінен тұрады.

3-бап. Мал дәрігерлігінің міндеттері

Мал дәрігерлігінің негізгі міндеттері:

малды жүқпалы және жүқпалы емес аурулардан қорғау;
малға және адамдарға ортақ аурулардан халықтың денсаулығын

сақтау;

мал өнімдері мен шикізатының сапасына мал дәрігерлік санитарлық бақылау жасауды қамтамасыз ету;

республика аумағын басқа мемлекеттерден мал ауруларының өкелінуінен қорғау;

мал дәрігерлігінде пайдаланылатын диагностикалық, емдік және алдын алу құралдарының сапасына бақылау жасау;

мал ауруларына қарсы күрес құралдары мен әдістерін әзірлеу және

оларды пайдалану, мал өнімдері мен шикізатының санитарлық сапасын арттыруды қамтамасыз ету, айналадағы ортаның мал дәрігерлік-санитарлық жағынан ластануынан сақтандыру болып табылады.

4-бап. Мал дәрігерлігін мемлекеттік басқару

Мал дәрігерлігін мемлекеттік басқаруды республикалық және жергілікті мал дәрігерлігі қызметін басқару органдары, сондай-ақ өз құзыры шегінде, арнаулы уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

5-бап. Мал дәрігерлігі қызметімен айналысу құқығы

Мал дәрігерлігі қызметімен, оның ішінде жеке кәсіпкерлік мал дәрігерлігімен айналысуға жоғары немесе арнаулы орта мал дәрігерлік білімі бар азаматтардың құқығы бар.

II Тарау

Мал дәрігерлігі қызметінің ұйымдық құрылымы
мен функциялары

6-бап. Мал дәрігерлігі қызметінің түрлері

Қазақстан Республикасындағы мал дәрігерлігі қызметі жалпы мемлекеттік (бұдан әрі текст бойынша мемлекеттік), ведомстволық және жеке кәсіпкерлік болып бөлінеді.

7-бап. Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі

1. Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің жүйесіне:

мал дәрігерлігін республикалық басқару органы;

мал дәрігерлігі қызметінің жергілікті органдары;

мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу үйимдары;

республикалық, облыстық және аудандық мал дәрігерлік лабораториялары;

мал ауруларына қарсы күрес жөніндегі республикалық экспедиция; облыстық, аудандық және қалалық мал дәрігерлік емдеу ұйымдары; індектек қарсы отрядтар және бруцеллез, туберкулез ауруларына қарсы күрес жөніндегі экспедициялар;

мемлекеттік шекарадағы және көліктегі мал дәрігерлік қадағалау қызметтері;

мал дәрігерлігін мемлекеттік басқару органдарына бағынысты мал дәрігерлік және мал дәрігерлік-санитарлық бейімдегі басқа да ұйымдар кіреді.

2. Мемлекеттік Мал дәрігерлігі қызметі жөніндегі ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі республикалық органның басшысы сонымен бірге лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторы болып табылады, ал оның орынбасарлары Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторының орынбасарлары болып табылады.

Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі жергілікті органның басшысы, сондай-ақ мемлекеттік шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлігін қадағалау басқармасының бастығы сонымен бірге лауазымы бойынша бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторлары болып табылады, ал олардың орынбасарлары - облыстар, аудандар мен қалалардағы және мемлекеттік шекара мен көліктегі бас мемлекеттік инспекторлардың орынбасарлары болып табылады

4. Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің жергілікті органдарының, шекарадағы және көліктегі мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау органдарының басшыларын қызметке тағайындалап, қызметінен босатуды тиісті жергілікті атқарушы органның келісіүі бойынша мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің жоғары тұрған органы жүзеге асырады.

8-бап. Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі органдары мен ұйымдарының функциялары

1. Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі органдарының жүргізуіне:
мал ауруларының алдын алу мен олардың диагностикасы және емдеу жөніндегі шараларды ұйымдастыру мен олардың орындалуына бақылау жасау;
індектік жағдайларды зерделеу және жұқпалы аурулардың алдын алу мен оларды жою жөнінде, сондай-ақ дезинфекция, дератизация, дезинсекция

мәселелері мен өзге де шаралар жөнінде орындалуға міндettі өкімдер шығару;

мал дәрігерлік және санитарлық жағынан сапалы мал өнімдері мен шикізат өндіруге бақылау жасау;

базарларда малға мал дәрігерлік тексеру өткізуді, мал шаруашылығы өнімдеріне мал дәрігерлік-санитарлық сараптауды жүзеге асыру;

денсаулық сақтау органдарымен бірлесе отырып, халықты малға және адамдарға да ортақ аурулардан қорғау мен өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

республика аумағын малдың жұқпалы ауруларының экелінуінен қорғауға бақылау жасау;

ет-сүт кәсіпорындарының, қасапханалардың, цехтардың, мал фермаларының, кешендерінің, жәрменкелердің, базарлардың, мал өнімдері мен шикізатын сақтауға арналған қоймалар, жемшөп пен тасымалдау құралдарының мал дәрігерлік-санитарлық жағдайын тексеру;

ет комбинаттарындағы, қасапханалардағы, цехтардағы, басқа да ұқсатушы ұйымдар мен базарлардағы мал өнімдеріне мал дәрігерлік-санитарлық сараптама жүргізу, сондай-ақ малдарды сойыс алдында тексеру;

әр түрлі меншік нысанындағы ұйымдарда жұмыс істейтін мал дәрігерлігі мамандарының қызметіне бақылау жасау мен оны үйлестіру;

пышаққа ілінген немесе өлген мал үшін сақтандыру органдарына қорытындылар жасап беру;

мал фермаларын, мал сою және оның өнімдері мен шикізатын ұқсату жөніндегі ұйымдарды жоспарлау мен құрылышының жобаларына, аталған объектілерге және малға арналған су тарту құрылғылары құрылышы үшін бөлінген жер участекелерінің жобаларына сараптама жасау;

мал сою және оның өнімдері мен шикізатын ұқсату жөніндегі мал шаруашылығы объектілері мен ұйымдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген мал дәрігерлігі нормалары мен ережелерін бұзған жағдайда оларды пайдалануға тыйым салу немесе олардың жұмысын уақытша тоқтату; <*>

мал дәрігерлігі саласындағы ғылыми зерттеулерге тапсырыстарды қалыптастыру;

жаңа мал дәрігерлік препараттарға, аспаптарға, құрал-саймандарға, үстеме азықтарға қорытындылар беру және олардың нормативтік-техникалық құжаттарын бекіту;

мал дәрігерлігі мақсатына арналған биологиялық, химиялық, фармацевтік,

Үстеме азықтар мен басқа да препараттардың өндірілуіне, пайдаланылуына бақылау жасау, олардың малдың саулығына және мал өнімдерінің сапасына өсерін бағалауға қатысу;

мал шаруашылығында пайдаланылатын мал дәрігерлік және басқа препараттарды өндіру және оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге және бекітуге қатысу;

шетел мемлекеттерінің мал дәрігерлік ұйымдарымен және халықаралық мал дәрігерлік ұйымдарымен ынтымақтастықты жүзеге асыру;

халықтың арасында мал дәрігерлік-санитарлық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу;

белгіленген тәртіппен бекітілген мал дәрігерлігі мәселелері жөніндегі нормативтік актілерде көзделген өзге де функциялар жатады.

2. Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметіндегі мал мамандарының құқықтары мен міндеттері республикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органы осы жарлыққа сәйкес шығаратын ережелермен реттеледі.

3. Республикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органы өз құзыры шегінде шығарған мал дәрігерлігі мәселелері жөніндегі нормативтік актілер барлық занды тұлғалар мен жеке тұлғалар орындау үшін міндетті болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 8-бап сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.11.29. N 488 Заңымен. Z990488_

9-бап. Ведомстволық мал дәрігерлігі қызметі

1. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары ведомстволық мал дәрігерлігі қызметін құра алады, олардың құрылымын осы министрліктер мен ведомстволар белгілейді.

2. Ведомстволық мал дәрігерлігі қызметінің мамандары мал дәрігерлік қадағалау мен мал дәрігерлік қызмет көрсетуді республикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органының әдістемелік басшылығы мен бақылауы арқылы жүзеге асырады.

3. Ведомстволық мал дәрігерлігі қызметінің негізгі функциялары малды аурудан сақтандыру мен емдеу жөніндегі шараларды ұйымдастыру мен өткізу, мал дәрігерлік-санитарлық жағынан қауіпсіз мал өнімдері мен шикізатын өндіруді қамтамасыз ету, халықты малға және адамдарға ортақ аурулардан қорғау болып табылады.

4. Ведомстволық мал дәрігерлігі қызметі мал дәрігерлігі мамандарының: өз функцияларын жүзеге асыру кезінде ведомствоға қарасты объектілерде анықталған кемшіліктерді жою туралы орындауға міндетті нұсқаулар беруге;

занды тұлғалар мен жеке тұлғалардан мал ауруларының алдын алу мен оларды жоюды қамтамасыз ететін шараптар жүргізуі, мал дәрігерлік-санитарлық жағынан қауіпсіз мал өнімдері мен шикізатын өндіруді талап етуге құқықтары бар.

10-бап. Жеке кәсіпкерлік мал дәрігерлігі қызметі

1. Жеке кәсіпкерлік мал дәрігерлігі қызметімен айналысатын занды тұлғалар мен жеке тұлғалар өз жұмысында республикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органы мен оның жергілікті жерлердегі органдарының бақылауда болады.

2. Жеке кәсіпкерлік мал дәрігерлігі қызметімен айналысуши занды тұлғалар мен жеке тұлғалар өз функцияларын атқару барысында республикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органы бекітетін тиісті ережелерді басшылықта алады.

11-бап. Жеке меншіктегі малды мал дәрігерлік қамту

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша емдеу жұмысын республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік мал дәрігерлігі ұйымдары жүзеге асыратын ерекше қауіпті жұқпалы мал ауруларын қоспағанда, жеке меншіктегі малды мал дәрігерлік қамтуды аумақтық мемлекеттік, ведомстволық мал дәрігерлік ұйымдары, шарттық негізде мал дәрігерлігімен өздігінен айналысатын мамандар жүзеге асырады.

III Тараяу

Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау және
ведомстволық мал дәрігерлік-санитарлық
қадағалау

12-бап. Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау

1. Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау - мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі басқару органдарының мал дәрігерлігі зандарын және оларға сәйкес шығарылған нормативтік актілерді бұзудан сақтандыруға және жоюға бағытталған қызметі.

2. Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау:

малдың саулығын қорғау мен жануарларға және адамдарға ортақ аурулармен

күресуге бағытталған індетке қарсы шараларды ұйымдастыру мен олардың орындалуына бақылау жасауды;

барлық меншік нысанындағы занды тұлғалар мен жеке тұлғалардың мал дәрігерлігі ережелерін сақтауын бақылау функцияларын жүзеге асыруды;

мал дәрігерлігінде биологиялық, химиялық және басқа да препараттардың қолданылуына бақылау жасауды;

мал дәрігерлік құқық бұзудың жойылуын және оларды бұзған адамдардың әкімшілік жауапқа тартылуын қамтамасыз етеді.

3. Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауды жүзеге асыру тәртібі респубикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау туралы ережемен белгіленеді.

13-бап. Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауды жүзеге асыруши лауазымды адамдардың құқықтары

Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекторының, облыстардың, аудандар мен қалалардың бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторларының, сондай-ақ мемлекеттік шекарадағы және көліктегі бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторы мен олардың орынбасарларының, сондай-ақ респубикалық, жергілікті мал дәрігерлігі қызметі басқару органдары мен мемлекеттік мал дәрігерлігі ұйымдары мал дәрігерлігі мамандарының:

мал дәрігерлік зандар нормасының орындалуын және қолданылып жүрген мал дәрігерлігі ережелерінің сақталуын тексеру мақсатымен барлық меншік нысанындағы ұйымдарға кедергісіз (қызмет куәлігін көрсету арқылы) кіріп, тексеру жүргізу;

занды және жеке тұлғалардан індетке қарсы және басқа да мал дәрігерлік шараларды жүргізуге, мал дәрігерлік құқық бұзудың жойылуын талап етуге, сондай-ақ бұл талаптардың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыруға;

қора-жайларда, ферма аумақтарында, індет ошактарында және көлікте малды вакциналау, дезинфекциялау, дезинсекциялау мен дератизациялау шараларын еткізу туралы шешімдер қабылдауға;

мемлекеттік шекараларды жүқпалы аурулар әкелуден және малдың жүқпалы ауруларының таралып кетуінен қорғау жөніндегі бақылау-әкімдік функцияларды жүзеге асыруға;

ауру малды және жүқпалы ауруларға шалдыққан деп құдіктенген малды оқшаулап ұсташа жайында орындауға міндетті нұсқаулар беруге;

өкілді және атқарушы органдарға індетке қарсы комиссиялар құру, жекелеген аумақтарда карантин енгізу, занды және жеке тұлғалар мал дәрігерлік зандарын

бұзған жағдайда олардың шаруашылық қызметін тоқтата тұру туралы ұсыныстар енгізуге;

занды және жеке тұлғалар мал өнімдерін өндіру, сактау, тасымалдау және өткізу кезінде мал дәрігерлік-санитарлық ережелердің бұзылуын жойғанға дейін олардың шаруашылық қызметін тоқтата тұруға және оған тыйым салуға; <*>

мал дәрігерлігі ережелерін бұзған лауазымды адамдар мен азаматтарды Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес әкімшілік жаупкершілікке тартуға құқығы бар.

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің шаруашылық қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру мал шаруашылығы өнімдерін өндірудегі, сактаудағы, тасымалдаудағы және өткізудегі мал дәрігерлік-санитариялық ережелердің бұзылуын жойғанға дейін мемлекеттік мал-дәрігерлік қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың өтініші бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады. <*>

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы талап арызды мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау органдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен және негіздерде сотқа жібереді. <*>

Шағын кәсіпкерлік субъектісінің қызметіне сот шешімінсіз тыйым салуға немесе оны тоқтата тұруға жануарлардың және құстардың карантин белгіленетін жүқпалы аурулары анықталған ерекше жағдайларда талап арызды З күннен аспайтын мерзімде сотқа табыс ету міндетtelіп, аталған мерзімге рұқсат етіледі. Бұл орайда тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт сот шешімі шыққанға дейін қолданылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 13-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының
1999.11.29. N 488 Заңымен. Z990488_

14-бап. Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауды жүзеге асырушы лауазымды адамдар өз қызметінде тәуелсіз болып табылады және осы Жарлықты, басқа заң актілерін, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша шығарылған мал дәрігерлігі мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік актілерді басшылыққа алады.

1. Мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалауды жүзеге асырушы лауазымды адамдар өз қызметінде тәуелсіз болып табылады және осы Жарлықты, басқа заң актілерін, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша шығарылған мал дәрігерлігі инспекторлары қызмет міндеттерін атқару кезінде оларға көмектесуге міндетті.
2. Жергілікті өкілді және атқарушы органдар, барлық меншік нысанындағы ұйымдардың басшылары мен азаматтар мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекторлары қызмет міндеттерін атқару кезінде оларға көмектесуге міндетті.
3. Мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекторларының қызметіне кедергі келтіретін жергілікті өкілді және атқарушы органдар, барлық меншік

нысандындағы ұйымдардың лауазымды адамдары мен азаматтар Қазақстан Республикасы зандарына сәйкес жауп береді.

15-бап. Ведомстволық мал дәрігерлік-санитарлық қадағалау

1. Мал дәрігерлігі ережелерінің сақталуына ведомстволық мал

дәрігерлік-санитарлық қадағалауды өз қызметінде мемлекеттік мал дәрігерлігі органдарының бақылауындағы ведомстволық мал дәрігерлігі қызметтері жүзеге асырады.

2. Ведомстволық мал дәрігерлігі қызметінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекторының келісуімен министрліктер мен ведомстволар бекітетін ведомстволық мал дәрігерлік-санитарлық қадағалау туралы ережелермен белгіленеді.

IV Тарау

Малдың жұқпалы ауруларының алдын алу және жою
16-бап. Занды және жеке тұлғалардың малдың жұқпалы

ауруларының алдын алу жөніндегі міндеттері
Малдың иесі болып табылатын занды және жеке тұлғалар:
мал ауруларының алдын алуды қамтамасыз ететін шаруашылық және
мал дәрігерлік шараларды жүзеге асыруға;

жемшөпті сақтау мен ұқсатуға арналған аумақты, мал қорлары мен құрылыштарын тиісті санитарлық жағдайда күтіп ұстауға, айналадағы ортаның мал шаруашылығы қалдықтарымен ластануына жол бермеуге;

мал күтіміне, мал өнімдерін ұқсатуға және сақтауға арналған объектілер мен құрылыштарды салу, оларды пайдалануға беру кезінде зоогигиеналық және мал дәрігерлік-санитарлық талаптарды сақтауға;

мал дәрігерлігі мамандарының талап етуі бойынша малды қарастауға, диагностикалық зерттеулер мен сақтық егу жұмыстарын жүргізуге беруге;

малдың оқыс өлім-жітімі, бірнеше малдың бір мезгілде ауыруы немесе олардың әдеттен тыс мінез көрсетуі туралы мал дәрігерлігі қызметінің мамандарына дереу хабарлауға, ауру деп құдіктенген малды мал дәрігерлігі мамандары келгенше оқшау ұстау шараларын қолдануға;

малды айдау мен тасымалдаудың белгіленген мал дәрігерлік-санитарлық

ережелерін сақтауға;

өлген малды кәдеге жарату немесе заарсыздандыру жөніндегі мал дәрігерлігі мамандарының талаптарын орындауға;

мал дәрігерлігі мамандарының рұқсатынсыз малды өзінің қажеті үшін союға және сатуға жол бермеуге;

мал дәрігерлік тексеруге қайтадан әкелінген малды 30 күн бойы оқшау ұстауға;

мал дәрігерлігі мамандарының мал ауруларының алдын алу және оларға қарсы күрес шаралары мен басқа да мал дәрігерлігі мәселелері туралы нұсқауларын орындауға міндетті.

17-бап. Карантин белгілеу және оны тоқтату

1. Белгілі бір аумақта және мекендерде малдың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі басқару органдарының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар карантин белгілейді.

Малдың карантин белгіленетін жұқпалы ауруларының тізбесін республикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органы белгілейді.

2. Малдың жұқпалы аурулары таралуының алдын алу және олардың ошақтарын жою жөніндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен азаматтардың жұмысына жедел басшылық жасау және оны үйлестіру үшін аталған мемлекеттік басқару органдары індетке қарсы төтенше комиссиялар құрады.

3. Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің лауазымды адамдары мен мамандары жұқпалы аурулар ошағын жою жөніндегі арнаулы шараларды ұйымдастырады және олардың жүзеге асырылуына бақылау жасайды.

4. Карантин белгіленген орган арнаулы шаралар жүргізілгеннен кейін мал дәрігерлігі қызметінің ұсынысы бойынша карантинді тоқтату жөнінде шешім қабылдайды.

18-бап. Республиканың аумағын шетел мемлекеттерінен малдың жұқпалы ауруларын әкелуден қорғау

1. Республика аумағына шетел мемлекеттерінен тек сау малдың, сондай-ақ сау малдан және эпидемиологиялық жағынан кінәратсыз аймақтардан алынған мал өнімдері мен шикізатын республикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органы белгілейтін мал дәрігерлік-санитарлық ережелерді сақтай отырып әкелуге рұқсат етіледі.

2. Малды, сондай-ақ мал өнімдері мен шикізатын шетелден сатып алуға,

оларды Қазақстан Республикасына әкелуге байланысты операцияларды жүргізуге республикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органының рұқсатымен жол беріледі.

3. Республикаға басқа мемлекеттерден мал аурулары әкелінуінің алдын алу жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік шекарада республикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесе отырып, мал мен мал өнімдері әкелінетін жерлерде шекаралық мал дәрігерлік бақылау-өткізу пункттерін ұйымдастырады. <*>

4. Малды, оның өнімдері мен шикізатын мемлекеттік шекара арқылы өткізу кезінде мал дәрігерлік-санитарлық қадағалауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 18-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.07.10. N 338

Заңымен. Z020338_

19-бап. Мал өнімдерін дайындауға, ұқсатуға, сақтауға,
тасымалдауға және сатуға қойылатын мал
дәрігерлік-санитарлық талаптар

1. Қызметі мал өнімдері мен шикізатын дайындауға, ұқсатуға, сақтауға, тасымалдауға және сатуға байланысты занды және жеке тұлғалар;

технологиялық, гигиеналық және мал дәрігерлік-санитарлық ережелерді орындауға;

мал шаруашылығы өнімдерін өндиеуге және заарсыздандыруға арналған Үй-жайлар мен технологиялық жабдықтарды тиісті мал дәрігерлік-санитарлық жағдайда күтіп ұстауға;

мал дәрігерлік қызмет мамандарының талаптары бұлжымай орындауын қамтамасыз етуге, мал өнімдерін мал дәрігерлік-санитарлық сараптамадан өткізу үшін көрсетуге міндетті.

2. Мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекторларына барлық меншік нысанындағы ұйымдарда мал дәрігерлік-санитарлық нормаларға сәйкес келмейтін мал өнімдері мен шикізатын өндіру мен сатуға тыйым салу, сондай-ақ мал дәрігерлік-санитарлық ережелер бұзылған жағдайда олардың жұмысын тоқтата түру жөнінде атқарушы органдарға ұсыныс енгізу құқығы беріледі.

20-бап. Базарлардағы мемлекеттік мал дәрігерлік бақылау

1. Малды, оның өнімдері мен шикізатын сататын базарлар үшін мемлекеттік мал дәрігерлік бақылау міндетті болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдар мен базарлардың әкімшілігі бұл бақылаудың жүзеге асырылуына жағдай жасауға міндетті.

Мал дәрігерлік-санитарлық сараптама лабораторияларына қызметтік үй-жайлар, қажетті жабдықтар мен байланыс құралдарын беруге, сондай-ақ оларды пайдалануға жұмсалған шығындарға өтемақы төлеуге міндетті.

2. Базардың мал дәрігерлік-санитарлық сараптама лабораториясы мал дәрігерлігі мамандарының адамның тағамына жарамсыз деп танылған мал өнімдерін алып қоюға және оларды кәдеге жарату жөнінде шаралар қолдануға құқығы бар.

3. Малмен, мал өнімдерімен және шикізатымен сауда жасауға осындай мақсатқа арнайы бөлініп, жабдықталған жерлерде рұқсат етіледі.

21-бап. Малды иесінен айыру және мал өнімдерін алып қою

1. Малдың жүқпалы аурулары анықталған жағдайда ол тиісті Бас мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекторларының қаулысы бойынша иесінен алып қойылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекторының ұсынуы бойынша малды иесінен айыруға жататын аурулар тізбесін, малды иесінен айыру және мал өнімдерін алып қою тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Занды және жеке тұлғалардың малды иесінен айыру немесе мал өнімдерін алып қою нәтижесінде өздері шеккен шығын үшін Қазақстан Республикасының зандарында көзделген тәртіп бойынша өтем алуға құқығы бар.

22-бап. Аң аулау, балық аулау және жануарлар

дүниесін пайдаланудың басқа да түрлері
кезінде мал дәрігерлігі ережелерін сақтау

1. Жануарлар дүниесін пайдаланушылар жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану саласында арнаулы уәкілдігі бар республикалық мемлекеттік бақылау органының келісуі бойынша республикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органы бекіткен мал дәрігерлігі ережелерін сақтауға міндетті.

2. Кәсіпшілік аң аулау және кәсіпшілік балық аулау ісімен айналысатын занды және жеке тұлғалар ауланған жабайы аң құстар мен ауланған балықтарды ұқсатуға арналған орындарды мал дәрігерлік-санитарлық талаптарға сәйкес жабдықтауға және жабайы аң-құстар мен балықтарға мал дәрігерлік-санитарлық сараптама өткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

V Тарау

Мал шаруашылығында емдік, алдын алу, диагностикалық, және ықпал ету препараттарын өндіру мен қолдану және олардың пайдаланылуын бақылау

23-бап. Мал дәрігерлік препараттарын өндіруге қойылатын талаптар

Мал дәрігерлігінде қолданылатын препараттар респубикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органы бекіткен нормативтік-техникалық құжаттама негізінде жасалады.

24-бап. Мал шаруашылығында мал дәрігерлік препараттарды қолдану

1. Мал шаруашылығында респубикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органында тіркелген дәрі-дәрмектерді, үстеме азықтарды, микроэлементтерді, вакциналарды, басқа да биологиялық препараттар мен реагенттерді қолдануға рұқсат етіледі.

Үстеме азықтарды антибиотиктер мен гормондар түрінде қолдануға денсаулық сақтау органдарының келісуі бойынша жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасында шығарылатын биологиялық

препараттардың стандарт талаптарына сәйкестігі міндетті түрде бақылауға алынуға тиіс.

3. Мал дәрігерлігі препараттарының қолданылуын мемлекеттік бақылау функциясын респубикалық мал дәрігерлігін басқару органының шешімі бойынша мал дәрігерлік ғылыми-зерттеу үйымдары атқарады.

4. Шеттен әкелінетін препараттар сапа сертификаты және экспорттаушы елдерде тиісті бақылаудан өткендігі туралы белгісі болған жағдайда мал шаруашылығында пайдаланылады.

VI Тарау

Азаматтардың денсаулығын малға және адамдарға
ортак аурулардан қорғау

25-бап. Азаматтардың денсаулығын малға және адамдарға

ортақ аурулардан қорғау тәртібі

1. Азаматтардың денсаулығын малға және адамдарға ортақ аурулардан қорғау мал дәрігерлік-санитарлық шаралар, мал өнімдерін сараптау, мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі санитарлық-эпидемиологиялық қызметпен бірлесе отырып жүзеге асыратын жұқпалы аурулардың алдын алу және емдеу жөніндегі шаралар жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

2. Мал шаруашылығында және мал өнімдерін ұқсату, сақтау, тасымалдау мен өткізу саласында жұмыс істейтін адамдар денсаулық сақтау органдарының мерзімді медициналық байқаулар мен иммундауды өткізу туралы нұсқамасын орындауға, сондай-ақ ең тәменгі санитарлық сынақ бойынша арналуы даярлықтан өтуге міндетті.

26-бап. Мал өнімдерінің мал дәрігерлік-санитарлық сараптамасы

1. Сойылған малдың еті мен басқа да ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері, жұмыртқа, балық, бал және өзге де мал өнімдерінің мал дәрігерлік-санитарлық жағынан кінәратсыздығын, тағамдық мақсаттарға пайдалануға жарамдылығын анықтау үшін мал дәрігерлік-санитарлық сараптамада өткізілуге тиіс.

2. Мал дәрігерлік-санитарлық сараптамадан өткізілмеген мал өнімдерін сатуға тыйым салынады.

27-бап. Мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет органдарының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен және жануарлар дүниесін қорғау, үдайы өсіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау органдарымен өзара іс-қимылы

Мемлекеттік мал дәрігерлік қызмет, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және жануарлар дүниесін қорғау, үдайы өсіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау органдары малға және адамдарға ортақ жұқпалы аурулардың індettік және эпидемиялық жағдайы туралы үнемі ақпарат алmasып отыруға, осы аурулардың алдын алу мен оларға қарсы күрес шараларын әзірлеуге және олардың орындалуын ұйымдастыру мен бақылауға міндетті.

VII Тарау

Мал дәрігерлігін қаржыландыру

28-бап. Мал дәрігерлігін қаржыландыру көздері

1. Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылады. <*> <*>
2. Малдың аса қауіпті жұқпалы ауруларының алдын алуға және олармен құресуге бағытталған індектеке қарсы шараптар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады.
3. Жеке меншіктегі малдарды мал дәрігерлік қамту, сондай-ақ

базарларда мал шаруашылығы өнімдері мен шикізатына диагностикалық лабораториялық зерттеулер, мал дәрігерлік-санитарлық сараптама жүргізу жөніндегі шараптар олардың иелерінің қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Аталған қызметтерге ақы төлеу уағдаластық баға бойынша жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 28-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда -

Қазақстан Республикасының

1998.10.07. N 283 Заңымен.

Z980283_

ЕСКЕРТУ. 28-баптың 1-тармағы жаңа редакцияда -

Қазақстан Республикасының

1998.12.24. N 334 Заңымен.

Z980334_

VIII Тарау

Мал дәрігерлігі заңдарын бұзғандық үшін жауапкершілік және мал дәрігерлік құқықтық қатынастар саласындағы

дауларды шешу тәртібі

29-бап. Мал дәрігерлігі заңдарын бұзғандық
үшін жауапкершілік

1. Лауазымды адамдар мен азаматтар төмендегі мал дәрігерлік-санитарлық

ережелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

міндетті мал дәрігерлік алдын алу шараларын орындаудан бас тартқаны, оларды өткізу мерзімін бұзғаны;

карантин режимі талаптарының шарттарын сақтамағаны;

малдың жүқпалы ауруларын жою жөніндегі шараларды уақтылы немесе толық өткізбекені;

малдың жүқпалы ауруларын таратқаны;

ауыл шаруашылығы малын өз төлінен ұдайы өсірген кезде мал дәрігерлік-санитарлық ережелерді сақтамағаны;

республика аумағын жүқпалы мал ауруларын әкелуден қорғау туралы заңдар мен өзге де нормативтік актілердің талаптарын орындағаны;

малды, мал өнімдері мен шикізатын тасымалдау кезінде мал дәрігерлігі ережелерін бұзғаны;

малды, оның өнімдері мен шикізатын базарларда сататын орындардың, қоймалардың, карантин базаларының, тиеу-түсіру алаңдарының, көлік құралдарының, контейнерлердің және мал шаруашылығы жүктөрін тиеу мен түсіруге арналған басқа да

құрылыштардың жай-күйіне қойылатын мал дәрігерлік-санитарлық талаптарды сақтамағаны үшін жауап береді.

2. Мал дәрігерлігі заңдарын бұзудың басқа да түрлері үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен жауапкершілік белгіленуі мүмкін.

30-бап. Дауларды шешу тәртібі

Осы Жарлықты орындау кезінде туған даулар сот тәртібімен шешіледі.

IX Тарау

Мал дәрігерлігі саласындағы халықаралық ынтымақтастық және халықаралық шарттар

31-бап. Халықаралық ынтымақтастық

Респубикалық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органының басшысы - Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекторы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша Халықаралық індектеке қарсы бюroда (ХІБ), Дүниежүзілік мал дәрігерлігі

ассоциациясында (ДМА) және басқа халықаралық мал дәрігерлігі үйымдарында оның атынан өкілдік етеді.

32-бап. Халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында осы Жарлықтағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

X Taraу

33-бап. Осы Жарлықтың құшіне ену тәртібі

Осы Жарлық жарияланған күннен бастап құшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Нарбаев Е.Ә.